

Жеке шығармашылық жұмыс



бүлдіршін – ертенгі елінің көшін өрге сүйер, ел жүгін кара нардай абыроймен көтеретін азаматы. Демек, ата-ана ұрпақ тәрбиесінің бастау көзі болса, **тәрбиеші-ұстаз** сол бастауды әрі қарай жалғастырушы, толықтырушы шындаушы. Сол себепті жел қай бағытта соқса, жас шыбық та солай қарай иілетінін тұлға тәрбиелеуде үнемі басты назарға алуымыз қажет. Ұрпақ тәрбиесі ұяда ғана шектелмей, ұлағатты ұстаздан өмірге азық болар білім мен жақсы қасиеттерді игерсе, дос-құрбымен араласып, ортақ мақсатта біріге отырып, адал еңбекке, темірдей тәртіпке, шынайы адалдыққа үйренеді.

Мұғалім үшін білім мен тәрбиенің тізгінін тең ұстай

мынжылдық рухани мұра қалдырып кетті. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері – ұлттық тәрбие мен тәлімнің кені. Эпостық жырлардағы батыр образы арқылы баланы ұлтжандылыққа, елінің адал перзенті болуға тәрбелей аламыз. Тұрмыс-салт жырлары мен мақал-мәтелдердің түпкі мәнін түсіндіру арқылы оқушыға халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен терең таныстырып, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді санасына еркін сіңіре аламыз. Өз елінің ұлттық, рухани мұрасымен сусындап, терен сіңіріп өскен ұрпақ қана ел келешегін кемел ете алады.

Асыл сөздің зергері, сөз патшасы атанған ақындар мен қаламы жүйрік суреткерлердің туындылары білім алушы-

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚ ТІРЕГІ

Жаһандану дәуірінде адамзат толағай табыстарға жетіп, алдыңғы қатарлы дамыған елдердің қатарын көбейтуде. Ғылым мен техникада үлкен жаңалықтар ашылып, экономика зор жетістіктерге жету үстінде. Біздің еліміз де әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті, дамыған елдердің қатарына кіру үшін білім беру саласында реформалар жүргізіліп жатыр, себебі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі оның экономикасының өсу қарқынымен, жерасты байлығының молдығымен, қуатты әскерімен ғана өлшенбеуі керек. Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, отандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру ұстанымы өзгеріп, мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Негізгі мақсат – сапалы білім беруде әрбір білім алушының жеке тұлға екенін ескере отырып, өзіндік сенімділігін арттыру, дарыны мен шығармашылық қабілетін дамытуға жол ашу және жан-жақты қолдау көрсетіп, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Бала мінезінің дұрыс қалыптасуы мен болашағының жарқын болуы – жақсы ата-ана мен жақсы ұстазға, жақсы құрбы мен жақсы ортаға байланысты. Тұлға тәрбиесі ең алдымен отбасында бастау алатындықтан, **ата-ана** баласын тәрбиелеу арқылы үлкен жауапкершілікті жүктейді. Өйткені бүгінгі

білім – үлкен жауапкершілік. Әр тәрбиеші әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзін басты кредосына айналдырып, қараңғыда адастырмас темірқазығы етуі тиіс. Тәрбиеші оқушыны қоғамға бейімдеу ісінде олардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, адалдыққа, адамгершілікке, адамды сыйлай білуге, әдептілікке баулу қажет. Шәкіртіне мейірімін төге қарап, жылы лебіз білдірсе, пайдалы кеңесін бөлісіп, жетістігін жоғары бағалап, қамқорлық танытса, шәкірт бойында өзіне деген сенімділік пайда болып, дамуға ұмтылары анық. Мұғалімнің оқушыға жан-жақты қолдау білдіріп, дамуына жағдай жасап, әлеуметтендіру нәтижесінде елжанды, халқының мәдени және рухани құндылықтарын қастерлейтін, кез келген ортамен тез тіл табысып, ұжымдық жұмыс барысында әдеп ережелері мен тәртіпті сақтайтын, еңбексүйгіш, табиғатты аялайтын, шығармашылық қабілетін жүзеге асыра алатын білімді тұлға шығады.

Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды қалай сіңіреміз?

Біз бұл сұрақтың жауабын ана тіліміз бен ауыз әдебиетімізден табамыз, себебі рухани құндылықтардың қайнар көзі – тілімізде, төл әдебиетіміз бен мәдениетімізде, тарихымызда жатыр. Ата-бабамыз өз ұрпағына өмірден мән іздеп мәңгірмесін, адаспасып, азып-тозбасын деп

лар үшін адамгершілік, мейірімділік, ізгілік, жомарттық, кішіпейілдік пен ұлтжандылыққа баулитын баға жетпес қазыналар. Білікті де білімді ұстаздарымыз осы құнды мұраларды күнделікті сабақ барысында ыждағаттылықпен мән бере отырып терең түсіндіріп, тәлім-тәрбиелік маңызы бар тұстарын үлгі етіп, рухани жан дүниесін байытса, бұл – өнегелі әрі саналы ұрпақ тәрбиелеудің жарқын көрінісі болмақ.

Қорыға келе, білімді шәкірт тәрбиелеу – ұлттың болашағын қамтамасыз ету. Тәуелсіз еліміздің дамуы да білімді әрі тәрбиелі ұрпақтың қолында. Ата мен ана, ұстаз тәрбиесін бойына сіңіріп, аталар сөзін, даналардың ғибратты әңгімелерін құлағына құйып өссе, өскен ортасындағы үлкендердің әр ісінен өнеге алса, көкейіне түйе білсе, білімі де білгені де толығырақ түсер еді. Жақсы тәлім-тәрбие алған адамның ниеті де, ойы да, өмірге көзқарасы да жақсы болады. Болашаққа жол тартқан кемесінің желкенін дұрыс бағытта болып, алған тәрбие мен білімнің арқасында өмір айдынында еркін жүзетін болады.

**Бактыгереева Жанаргуль Муратовна
Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық
Өнер академиясының колледжі,
мектеп-интернат тәрбиешісі**



8-сынып оқушыларымен



Мектеп-интернат ауласында



Мектеп-интернат ауласында Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайында

XXI ҒАСЫР - БІЛІМДІЛЕР ҒАСЫРЫ

Адамдық борышың,
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл, – деп, бүгінгі жазбамды бастайын.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады?» деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес пе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес пе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осы тұрғыда физика-техникалық факультетіне қараша айында Осака университетінің екі оқытушысы, профессорлары келіп жоғарғы білім, яғни екінші диплом тұрғысынан пікір алмасқан болатын. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда.

Төлеген Арайлым, Такибаева Меруерт

МОЛ МҮМКІНДІК СЫЙЛАДЫҢ...

Бүгінгі түні домбыра күйін шертеді,
Ойдағы арман - қиял ғажайып ертегі.
Жаныңа қара, отырған жерің дәл қазір
Бір өзің үшін мол мүмкіндіктер мекені.

Бұл мақалаға мен еш ойланбай кірістім. Себебі бұл тақырып ойыма келгенде кімдер жайлы жазарым да анық еді. Ол, әрине, біздің аяулы ұстаздарымыз.

Мен қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алып жатырмын. Осында келгелі бізге өздерінің білімдерін аямай төгіп жатқан, ол біздің ұстаздар еді. Жүрегімізден ерекше орын алған сол тұлғалар жайында мен біраз әңгімемді өрбітпекпін. ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика кафедрасының ұстаздары бұл орынның басын бастамақ. Неге десеңіз? Бізге әр семестр сайын осы кафедраның ұстаздары бір-бір сабақтан беріп келеді. Ол тұлғалардан біліммен қатар, біз бойға өнегені, тәрбиені, адамгершілік сынды қасиеттің бәрін аламыз десек артық айтқаным болмас.

Бұл кафедра сонымен қоса бірнеше жобалармен айналысады. Робот жасау, атом жобасы, жалпы салыстырмалық теориясы және тағы да басқа тақырыптар бойынша көкейде жүрген сұрақтарды осындағы кез келген кісіге айтаңыз қол ұшын берері хақ. Бұл кісілерге қатысты айтылатын әңгіме өте көп. Себебі алдыға қойған мақсат, аңсаған арманға барар жол осы ұстаздардың қолдауымен келді десем қателескенім емес. Өткенге көз жүгіртіп, алдыға қарағанда осындай тұлғалардың маған тап болғанын үлкен мақтанышпен қазіргі таңда және келешекте айтып жүретін боламын. Бұл бізге берілген бақ деп білемін!

Асылханова А.